**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**
**ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ**
**«ЭНЕРГОМЕРА»**
**ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ**
**СЕРІКТЕСТІГІ**

**ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ**
**ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ**
**«ЭНЕРГОМЕРА»**
**КАЗАЛИНСКИЙ РАЙОН**
**КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ**

120400, Әйтеке би кенті
Желтоқсан көшесі №36
Тел.Факс. 8(72438) 26-5-57
эл.почта: tooinergomera@mail.ru

120400, кент Айтеке би
ул.Желтоксан №36
тел.Факс. 8(72438)26-5-57
эл.почта: tooinergomera@mail.ru

«16» ақпан 2021 ж. № 45 «16» февраль 2021 г.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті**

**Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті**

# ШАҒЫМ

Біз, әлеуетті өнім беруші «Энергомера» ЖШС, Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 9-тарау 47, 48-баптарын басшылыққа ала отырып мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының әрекетіне шағым білдіреміз.

**Ұйымдастырушы:** "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ
Орналасқан жері: Казахстан, Кызылорда, БЕЙБАРЫС СУЛТАН 1

**Шағымданушы:** "Энергомера" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орналасқан жері: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Желтоқсан, 36

**Конкурс туралы мәлімет:**
Конкурстың №: 5289301-1;
Конкурстың атауы "Қызылорда қаласында 35/10 кВ "Промышленная" ҚС реконструкциялау";
Лоттың № - 39625085-ОК1;
Жұмыстардың атауы – Электрмен жабдықтау желілерін салу/монтаждау/төсеу бойынша жұмыстар.

Осы аталған конкурс бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы «Энергомера» ЖШС-нің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл көлеміндегі жұмыс тәжірибесін Заң талаптарына сай дұрыс есептемей отыр, яғни өзімізге тиісілі 10 балдың орнына, соңғы он жыл көлеміндегі жұмыс тәжірибесіне жалпы 5,6 ұпаймен шектеген.

Ал, есепке алынбағын жұмыс тәжірибемізге *Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының 2,6,8,9 ескертпелеріне сәйкес есепке алынбайды*. - деп уәж келтірген.

Бірақ, біз ұсынған, алайда есепке алынбаған сыртқы жарықтандыру жұмыстары Конкурстық құжаттамаға 1-2-қосымшаның талаптарына толық сәйкес келіп тұр. Не үшін есепке алынбағаны түсініксіз. 1-2 қосымшада Реконструкциялау талабы қойылса, біз ұсынған жұмыстар Жаңа құрылыстар. Екінші – қалыпты талабына байланысты *Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы Заңда: кернеуі 35 кВ (кило Вольт) дейін (қоса алғанда) электр беру желілері мен өзге де электр желілік*

*шаруашылық объектілері - техникалық жағынан күрделілерге жатпайтын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілерге жатқызылған.*

Ал, егер конкурстық комиссия мүшелері сыртқы жарықтандыру жұмыстарын III-ші Төмендетілген деп санап есепке алмаса онда қателесіп тұр. Себебі, жауапкершілігі III (төмендетілген) деңгейдегі объектілердегі - *өрт, жарылыс, газ, химиялық агрессивті, улы және уытты заттар бойынша қауіпсіз уақытша, маусымдық немесе қосалқы мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлар (тауарлар мен материалдарды сақтау үшін ерекше жағдайларды талап ететін қоймалар мен сақтау орындары (аралығы 6 метрге дейін, биіктігі 7 метрге дейін және алаңы 2000 шаршы метрге дейін қоса алғанда), жылыжайлар, парниктер, павильондар, байланыс,* ***жарықтандыру тіректерін****, қоршаулар және осыған ұқсас құрылысжайлар - о*сы тармақшада көрсетілген жарықтандыру тіректерінің сыртқы көше жарықтандыру жұмыстарына есептеп қателесіп жатады. Бұл жердегі жарықтандыру ауқымы тар, аула ішілік жарықтандыру туралы айтылып тұр.

Жәнеде, елді мекендерді және ортақ пайдаланудағы учаскелерде құрылыс салынған аудандарды сыртқы (көшелік) электрмен жарықтандыру және кернеуі 110 кВ (кило Вольт) дейінгі әуе және кабельдік электр беру желілері және өзге де электр-желілік шаруашылық объектілері Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларының бір тармағында қатар көрсетіліп тұр.

Яғни, сыртқы жарықтандырудың да, электрмен жабдықтаудыңда құрамында 10/0,4 кВ әуе желісі, Трансформатор қондырғыларын орнату, бірдей сымдар тарту, тағы басқа ұқсас жұмыстар көп.

Сонымен қатар, **тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерінің жұмыстарын қоспағанда, бұрын орындалған жұмыстар конкурс нысанасымен «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңның (бұдан әрі – «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заң) Бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір түрінде болған жағдайда, олардың ұқсастығы немесе сәйкестігі ескеріледі**.- делінген. Сәйкесінше сыртқы жарықтандыру жұмыстары мен электрмен жабдықтау желілері Бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 6-бөлімінің 4-ші бөлшегінде: **электрмен жабдықтау желілерін және сыртқы электрмен жарықтандыру құрылғысын, электрмен жарықтандырудың және электрмен жылытудың ішкі желілерін қамтитын инженерлік желілер мен жүйелерді орналастыру**. – деп көрсетіліп, көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір түрінде екендігі жазылған.

Жоғырыда көрсетілген уәждерімізді назарларыңызға ала отырып, ұйымдастырушы шешімін Заң, қағида, конкурстық құжаттама талаптары шеңберінде қайта қаралуын сұраймыз.

**Директор**
**Б.С.Мухашов** (Электронды қолтаңба қойылды)